

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсерЖАРИЯЛАНДЫ
24.01.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/24464/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Элтаева Алтынкүл

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып кете алмайтын бақыт деген құдіретті сөздің өлшемі өмірінің жлғасы қрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтерден ісдестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты – тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні – өз ұрпағы. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата — ана алдында нәзік те қиын, қыр сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады.

Ол — бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз – ата – ана. Бала үшін ішінен, ата анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер – жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Ата – ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінезқұлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балаларымен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау – ата – ананың басты парызы. Бала – әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік. Шәкәрім атамыздың «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан үстем бола алатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек, бұл сапалар адамды дүниеге келген күнінен бастап тәрбиелейді» дегендей, құнды қасиеттерге ие рухани адамды қалыптастыру –

шынында оның туған кезінен басталса керек. Ал адамның адам болып қалыптасуында ата анамен қатар тәрбиеші мен мұғалімнің де рөлі бар. Алтын бесік – отбасы болса, алтын ұя – мектеп.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.